

Ерейментау аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 12 ақпандағы "Азаматтарға тұрғын үйдің күтіміне, байланыс қызметіне және коммуналдық қызмет төлеміне тұрғын үй жәрдемін көрсету Ережесін бекіту туралы" № 4С-5/5-08 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 4С-16/14-09 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 мамырда № 1-9-119 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 4С-42/9-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.12.13 № 4С-42/9-11 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ерейментау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы «Азаматтарға тұрғын үйдің күтіміне, байланыс қызметіне және коммуналдық қызмет төлеміне тұрғын үй жәрдемін көрсету Ережесін бекіту туралы» № 4С-5/5-08 шешіміне (2008 жылғы 28 ақпандағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізімдемесінде № 1-9-96 болып тіркелген, 2008 жылғы 15 наурыздағы № 29-30 аудандық «Ереймен» газетінде мемлекеттік тілде, 2008 жылғы 15 наурыздағы № 29-30 аудандық «Ерейментау» газетінде орыс тілінде жарияланған) келесідей өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) шешімнің 2 тармағында «2008 жылғы 1 қаңтарынан» деген сөздер «ресми жарияланған кезінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) шешімнің 3 тармағында «туралы» деген сөзден кейін «(2007 жылғы 25 наурыздағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізімдемесінде № 1-9-80 болып тіркелген, 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 37 аудандық «Ереймен» газетінде мемлекеттік тілде, 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 37 аудандық «Ерейментау» газетінде орыс тілінде жарияланған)» деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2009.07.23 № 4С-18/11-09 Шешімімен

2. Осы шешім Ерейментау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен күшіне енеді және ресми жарияланған кезінен қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау бюджет, қаржы, әлеуметтік-экономикалық дамуының, экология және ардагерлермен жұмыс мәселелері бойынша Ерейментау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

<i>сессия төрағасы</i>	<i>Аудандық мәслихаттың</i> <i>Е. Махорин</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Ерейментау аудандық</i> <i>Қ. Махметов</i>
<i>КЕЛІСІЛДІ:</i>	
<i>әкімі</i>	<i>Ерейментау ауданының</i> <i>Н. Ә. Ережепов</i>
<i>ММ бастығы</i>	<i>«Ерейментау ауданының</i> <i>Жұмыспен қамту және әлеуметтік</i> <i>бағдарламалары бөлімі»</i> <i>М. Л. Сердцева</i>
<i>ММ бастығы</i>	<i>«Ерейментау ауданының</i> <i>Қаржы бөлімі»</i> <i>А. Қ. Хасенов</i>
<i>ММ бастығы</i>	<i>«Ерейментау ауданының экономика</i> <i>және бюджеттік жоспарлау бөлімі»</i> <i>Қ. Ж. Құдабаев</i>